

**Көкшетау қаласының жерлерінде орналасқан және автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жер учаскелеріне салынатын салық ставкалары туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2011 жылғы 17 маусымдағы № С-47/9 шешімі. Ақмола облысы Көкшетау қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 14 шілдеде 1-1-152 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2011 жылғы 21 желтоқсандағы № С-54/16 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2011.12.21 № С-54/16 шешімімен**

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 381-бабында келтірілген кестенің 3-бағанына, 386-бабы 3-тармағына сәйкес Көкшетау қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Көкшетау қаласының жерлерінде орналасқан және автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жер учаскелеріне салық ставкалары он есе ұ л ғ а й т ы л с ы н .

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді, ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

	<i>Төртінші шақырылған Көкшетау қалалық мәслихатының</i>
<i>47 сессияның төрағасы</i>	<i>Ж.Балғабаев</i>
	<i>Төртінші шақырылған</i>
<i>мәслихатының хатшысы</i>	<i>Көкшетау қалалық</i>
<i>«КЕЛІСІЛДІ»</i>	<i>Қ.Мұстафина</i>
<i>Көкшетау қаласының әкімі</i>	<i>М.Батырханов</i>